

## "Өнімнің транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 384 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 3 наурыздағы № 131 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 5 шілдеде № 15306 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 308 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.04.2023 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫН:**

1. "Өнімнің транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 384 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12197 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өнімнің транзитіне рұқсат беру қағидаларында:

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Рұқсат алу үшін өтініш беруші (не оның сенімхат арқылы өкілі) мынадай құжаттарды:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің транзитіне рұқсат алуға арналған өтінішті;

2) занды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы құжатты – шетелдік занды тұлға үшін;

3) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты, кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжатты – шетелдік жеке тұлға үшін;

4) экспорттаушы елдің экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті органы берген өнімді шығаруға рұқсатының бар екендігі туралы құжатты;

егер елдің заңнамасында осындай құжатты беру көзделмеген жағдайда, экспорттаушы елдің экспорттық бақылау саласындағы уәкілетті органынан тиісті растаушы хаты ұсынылады;

5) оған қосымшаларымен және (немесе) толықтыруларымен бірге өнімнің номенклатуrasesы мен көлемі заттай және құндық мәнде міндettі түрде көрсетілген сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылардың арасындағы (сатушы, жүк жөнелтуші, сатып алушы, жүк алушы, делдал) өнімді жеткізуге арналған келісім-шарт;

6) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өтініш берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты;

7) Қазақстан Республикасының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі жөніндегі құзыретті органдары рұқсатының қолданылу шарттарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік актілерін бұзу айқындалған жағдайда оның тарапынан тасымалдың нақты жағдайларына тексеру жүргізуге, сондай-ақ ықтимал уақытша сақтауға, кері тасымалдауға, сараптамаға және атқарушы органдардың басқа да қажетті әрекеттеріне байланысты шығыстарды, сондай-ақ айқындалған ауытқуларды заңнама талаптарына сәйкес келтіру және/немесе экспортталуы мемлекетке жүкті қайтару қажеттілігіне байланысты шығыстарды өтеуге кепілдікті растайтын (келісім-шарттың нөмірі мен күні көрсетілген) өтініш берушінің хаты;

8) егер жүк алушыға жүкті беру оған қатысы жоқ себептер бойынша мүмкін болмаған жағдайда, транзитпен өтетін өнімді оның бұл жүкті қайтадан қабылдауға сөзсіз келісімін растайтын (келісім-шарттың нөмірі мен күні көрсетілген) (үәкілдегі органға бағытталған) жүк жөнелтушінің хаты;

9) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің транзиттік тасымалдарды жүзеге асыруы кезінде қозғалыс бағыты, кіру және шығу шекаралық бекеттері, көлік түрі туралы мәліметтер;

10) әскери (қосарлы) мақсаттағы өнім транзитін әскери қарауылмен алып жүрген кезде - әскери қарауыл адамдарының санын, олардың қарулады мен әкелінетін қарудың әр бірлігіне оқ-дәрілер туралы деректерді (маркасы (түрі), калибрі, саны) көрсете отырып, әскери қарауыл туралы ақпарат;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасына кіруге немесе Қазақстан Республикасынан шығуға құқық беретін тұлғалардың (әскери қарауыл құрамынан) құжаттары, бекітілген қаруды, оқ-дәрілерді көрсете отырып, әскери бөлімнің лауазымды тұлғалары бекіткен әскери қарауыл тұлғаларының атаулы тізімін және әскери қараудың тиісті ілеспе құжаттары (жазба бұйрық, наряд, қорытынды) ұсынады.

2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларда көрсетілген құжаттар нотариалды куәландырылған көшірмелерімен қоса ұсынылады. Шет тілдерінде жасалған

құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады.

5. Егер шет мемлекеттің мемлекеттік органы өтініш беруші болып шығатын жағдайда:

1) осы Қағидалардың 4-тармағының 2), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсыну талап етілмейді;

2) осы Қағидалардың 4-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген келісім-шарт болмаған кезде өнімді жеткізу қажеттілігін негіздейтін құжаттар ұсынылады;

3) осы Қағидалардың 4-тармағы 4) тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген құжатты елдің заңнамасында беру көзделмесе, растаушы хат ұсынылады.";

6-тармақ алып тасталсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Рұқсат өнімнің саны мен номенклатурасына қарамастан, кемінде он белгіден тұратын деңгейдегі кодты көрсете отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының (бұдан әрі – СЭК ТН) кодына сәйкес тауардың бір түріне беріледі.";

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Уәкілетті орган өнімнің транзитіне рұқсат беруді "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырады.

16. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өту кезінде өнімнің ұрлануын және заңсыз айналымын болдырмау және оның жолын кесу мақсатында мұдделі органдар оларды қызықтырған ақпаратты "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы" ақпараттық жүйесі арқылы алады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өнімнің транзитіне рұқсат беру қағидаларына 1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустрималь даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген құнінен кейін құнтізбелік он құн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс құні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін құнтізбелік жиырма бір қун өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар министрі

Д. Абаев

2017 жылғы 10 наурыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мырзахметов

2017 жылғы 24 наурыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

2017 жылғы 15 наурыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі

Е. Біртанов

2017 жылғы 17 мамыр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс және аэроғарыш  
енеркесібі министрі

\_\_\_\_\_ Б. Атамқұлов

2017 жылғы 5 мамыр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі

\_\_\_\_\_ С. Жасұзаков

2017 жылғы 29 наурыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы

\_\_\_\_\_ К. Мәсімов

2017 жылғы 7 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 19 сәуір

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі

\_\_\_\_\_ К. Қасымов

2017 жылғы 1 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі

\_\_\_\_\_ К. Бозымбаев

2017 жылғы 26 сәуір

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің

2017 жылғы 3 наурыздағы

№ 131 бұйрығына

1-қосымша

Өнімнің транзитіне

рұқсат беру қағидаларына

1-қосымша

Нысан

**Өнім транзитіне берілетін рұқсат**

1. Рұқсат №			
2. Өтініш беруші (толық атауы, елі, занды мекенжайы, телефоны):			
3. Жүк жөнелтуші (толық атауы, елі, занды мекенжайы, телефоны):			
4. Жүк алушы (толық атауы, елі, занды мекенжайы, телефоны):			
5. Рұқсаттың қолданылу мерзімі:			
6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу бекеті - кіру: - шығу:	7. Көлік түрі:		
	8. Келісім-шарттың валютасы:		
9. Өнімнің атауы:	10. Тауардың СЭК ТН бойынша коды:	12. Өлшем бірлігі:	14. Өнімнің жалпы құны: - төлем валютасымен: - теңгемен: - доллармен (USD):
	11. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды:	13. Саны:	
15. Сыртқы сауда келісім-шарттың нөмірі және құні:	16. Келісілді:		
17. Сактандыру компаниясының атауы, сактандыру шартының нөмірі және құні:			
18. Рұқсаттың ерекше шарттары:			
19. Уәкілдегі орган _____ (уәкілдегі органның толық атауы) Басшы (уәкілдегі тұлға) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) Қолы, мөрдің орны _____ (қағаз тасығыштағы рұқсаттар үшін) Берілген құні: _____ жылғы "___" _____			

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің

2017 жылғы 3 наурыздағы  
№ 131 бұйрығына  
2-қосымша

Өнімнің транзитіне  
рұқсат беру қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

### **№ \_\_ өнімнің транзитіне рұқсат алуда арналған өтініш**

1. _____ (уәкілдегі органның толық атауы)
2. Өтініш беруші _____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі; занды тұлғаның (оның ішінде шетелдік занды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, шетелдік занды тұлғаның филиалының немесе өкілдегілігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі – занды тұлғада бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда; елі, занды мекен-жайы, телефондар, электрондық мекенжайы)

3. Жұк жөнелтуші (толық атапу, елі, заңды мекенжайы, телефоны):			
4. Жұк алушы (толық атапу, елі, заңды мекенжайы, телефоны):			
5. Рұқсаттың қолданылу мерзімі:			
6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу бекеті - кіру: - шығу:	7. Көлік түрі:		
	8. Келісім-шарттың валютасы:		
9. Өнімнің атапу:	10. Тауардың СЭҚ ТН бойынша коды:	12. Өлшем бірлігі:	14. Өнімнің жалпы құны: - төлем валютасымен: - теңгемен: - доллармен (USD):
	11. Тауардың бақылау тізімдері бойынша коды:	13. Саны:	
15. Сыртқы келісім-шарттың нөмірі және күні:			
16. Осымен көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға рұқсатты беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген акпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің өтініш берілетін түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; өтініш беруші рұқсатты беру кезінде акпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қоргалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;			
17. Сактандыру компаниясының атапу, сактандыру шартының нөмірі және күні:			
18. Рұқсаттың ерекше шарттары:			
19. Өтініш беруші _____ (коло) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) Мөрдің орны (болған жағдайда) Толтыру күні: 20 ____ жылғы " ____ "			
20. Үекілдепті орган _____ (үекілдепті органның толық атапу) Өтініш карауға қабылданды 20 ____ жылғы " ____ "			

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің

2017 жылғы 3 наурыздағы  
№ 131 бұйрығына  
3-қосымша

Өнімнің транзитіне  
рұқсат беру қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

**Мәлімделген транзиттік тасымалдауды жүзеге асырған кезде қозғалыс бағыты, кіру және шығу шекаралық бекеттері, көлік түрі туралы мәліметтер**

№	Көрсеткіштер	Көрсеткіш мазмұны	Ескертпе
1	Жүктің толық атапу		
2	Өлшем бірлігі		
3	Саны		

4	Кауіптілік сыйныбы		
5	БҰҰ коды		
6	УЖН коды		
7	ЕЭК СЭҚ ТН коды		
8	Өтініш беруші ұйымның толық атауы, елі, занды мекенжайы, телефоны		
9	ҚР аумағы бойынша экспедитор ұйымның толық атауы, занды мекенжайы, телефоны, шарттың нөмірі және күні	су көлігімен тасымалданған жағдайда талап етілмейді)	шарттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі қоса беріледі
10	Тасымалдаушының ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдауға лицензиясы	лицензияның нөмірі, берілген күні, оны берген мемлекеттік органның атауы	ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау кезінде
11	Жүктерді күзету ұйымның толық атауы, занды мекенжайы, телефоны, шарттың нөмірі және күні	(теміржол және су көлігімен тасымалдаған жағдайда талап етілмейді )	күзетілетін өнімнің номенклатурасы мен көлемін көрсете отырып шарттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі қоса беріледі
12	Жүкті физикалық корғау жөніндегі ұйымының күзет қызметін жүзеге асыруға берілген күкігін растайтын құжат	күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның нөмірі, берілген күні, оны берген мемлекеттік органның атауы	
13	Көлік түрі	теміржол, автомобиль немесе су, немесе әуе	1, 6 және 7-санаттағы қауіпті жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде көлік құралының деректері қосымша көрсетіледі
	1, 6 және 7-санаттағы қауіпті жүкті тасымалдауға арнағы рұқсаттың нөмірі (1, 6	Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 16 тамыздағы № 770 шешімімен бекітілген Кеден одағының "Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі	

14	және 7-санаттагы қауіпті жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде)	туралы" техникалық регламентінің Пиротехникалық бұйымдары бар қауіпті жүктердің сыныптамасына сәйкес 1.4-ішкі сыныбы бар пиротехникалық бұйымдарды тасымалдау кезінде талап етілмейді	рұқсаттың көшірмесі қоса беріледі
15	Қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралы жүргізуінің дайындығы туралы куәліктің (жүргізуіге қауіпті жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік) нөмірі	1.4 көлік қауіптілігінің кіші сыныбы бар пиротехникалық бұйымдарды автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде	куәліктің көшірмесі қоса беріледі
16	Жүк жөнелтуші толық атауы, заңды мекенжайы, телефоны		
17	Жүк қабылдаушы толық атауы, заңды мекенжайы, телефоны		
18	Тасымалдау бағыты:		
19	Жөнелтуші өткізу бекетінің атауы, елі		
20	Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы кіру кезіндегі өткізу бекетінің атауы	темір жол көлігімен тасымалдау кезде толтырылмайды	1, 6 және 7-санаттагы қауіпті жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде қозғалу бағыты арнайы рұқсатқа сәйкес көрсетіледі
21	Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы шығу кезіндегі өткізу бекетінің атауы		
22	Жеткізілу өткізу бекетінің атауы, елі		
23	Тасымалдау мерзімі күні, айы, жылды - күні, айы, жылды		өтініштің 8-бағанына сәйкес

24	Үшінші адамдарға және коршаған ортаға келтірген зиянды өтеу жөніндегі өтініш берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру туралы деректер	сактандыру компаниясының атаяу, заңды мекенжайы, телефондары, шартты жасау нөмірі және күні	сактандыру қорғанысының қолданылу мерзімі шарттың қолданылу мерзімімен сәйкес келеді
25	Авариялық карточканың нөмірі	автомобиль көлігімен 1, 6 және 7-санаттағы қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат бар болған кезінде талап етілмейді	өтініш берушінің қолымен және мөрімен (болған жағдайда) куәландырылған авариялық карточканың көшірмесі қоса беріледі
26	Химиялық өнімнің қауіпсіздік паспорты)	"Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі № 302 Қазақстан Республикасының Заңын а сәйкес химиялық өнімге катысты	өтініш берушінің қолымен және мөрімен (болған жағдайда) куәландырылған көшірмесі қоса беріледі

Өтініш беруші \_\_\_\_\_

---

лауазымы, қолы (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөрдің орны (болған жағдайда)

Күні \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК